Кенен ӘЗІРБАЕВ

Жамбыл туралы кейбір есте қалғандар

Менің Жамбылды бірінші рет көргенімде бүйтіп аттай оту жоқ. Керімсаз жайлауында бір үлкен аста арғы жағынан қырғыз, бергі тұстан қазақ ат құрғатпай келіп жатты. Не бір әнші, балуан, сайысқер, ақын дейсің бе— әрбірін өз мақсаты тыншытпайтындай. Менің бұл жолғы ойым: Жамбышмен жүз көрісіп, білісіп қайтсам деймін.

Көк орай шалғынға қатарласа тігілген көп киіз үйдің орта шеніндегі бірінде Жамбыл бар десті. Қырғыздың Жәкең тұстас ақыны Қалмырза да менің алдымда ғана сол үйге түскен. Үйден сыртқа төнкен дабырға қарағанда босағада бас сұғар жер жоқ-ақ сияқты. Өлең әлі қыза қоймаса да, домбырының алғашқы серпіндері құлаққа тиіп қыз, бозбала, ақсақал, қара сақалдар осы үйді төңіректеп қалыпты. Көзінен ұшқын атып тұрған жиырманың төнтегі нені тыңдатады, өлеңдетіп кіріп бардым.

Жартасты Мәтібұлақ — туған жерім,
Балапан, көбелегін қуған жерім,
Сол елден сәлем бере келдім, Жәке,
Әдейі сәбәп қылып думан жерін.

Осылайша бір—екі толған алғанымда, төрдегі шоқша қара сақал оң жақтан орын нұсқады. Жастар ортасына тізерлей сыйысқан маған: «Мен білсем, сен —Кененсің, жарауы жеткен дөненсің» —деді ол. Жамбыл екенін сезе қалдым. «Өленіне өзі ән де шығарады» дегенді құлағы шалған кісі мені сазымнан таныған түрі бар.

— Жас ақындар ішінде сенің сөзің әнің. Мен де болегірек. Аңырақайға жүрмек ретім келіп, жолшыбай соққалы отыр ем, мұнда кездесіп қозайым болдық, ас аяғында атқа бірге қонармыз, — деді де, ақын көпшілік тілегін орындауға кірісті.

Үй айнала түрулі, сыртта керегеден көз салғандар да жым-жырт. Ас аралатып отырып жырланған «Көруглы», «Манастар» таңы созылды. Оның өзін «Әр жеріменөзіңе айтып отырмын» дейді. Ет қыза келе ақын бір уыс болып түйіліп алады да, сол екпінінен бір танбайды екен. Ақындардан елдің ертеңгі қолқасы суырып салма «жер өлеңі», «тау өлеңі» болды. Міне, мен Жамбылды нақ осы туста өзге ақындардан ерекше сезіндім.

Әркім-ақ өз жерінің сұлулығы мен шүйіндігін нәшіне келтіріп толғайды, жер қожаларының аттары да өлеңге қосылып көпке танылып жатыр. Менің көзім Жамбылда. Ол кезек-кезек жүйткіген ақындар сөзіне құлақ тосып қана, төмен тұқшыйған күйі көп отырды. Әуел баста «Түндегі ұзақ жырлардан кейін шаршағандық бар ма» деп қалған ем, олай болмады. Ол бір мезетте ақшолақ домбырының шанағын шертіп-шертіп жіберді де, сөйлеп кетті. Әттең сол бір тамаша жыр көзір не жазуда, не жадымда жоқ. Бай-манаптардың жаз-жайлау, қыс-қыстауын мадақтай сөйлеген жері, үлкен шаңырақ иелеріне, әлбетте, ұнады. Бұл туста олардың бәрі де мәз-мәйрам болып, бірінен бірі шақша сұрасып, енсе көтерісін қалды. Ал жазға салым көтеріле көшкен үлкен ауылдарға ілесе алмай, соңау етекте сыбағасыз қалған жұдеу елге шыбынсыз жайлаудан не пайда? — дегенді Жәкең аса бір ащы сөзбен келтірді. Бұл сәтте қолдағы сары қымыздың талайы-ақ ішілмей жерге қойылды.

Көшке ілескен көк төбет,
Ырысты екен олардан.

Түннен бері кереге көзінен сығалаған жалба тымақтар мұны естігенде «Рас сөз, аталы сөз» десіп, бет-бетімен шуласып кетті. Ас тарқарда Жамбылды ақ айылды ерік байтақ қолтығынан сүйемелеп міндігізгендер де солар болды.

Қалмырза шақырып, Жамбылдың біраз күн қырғыз жерінде болуына тура келді.

— Ағайын аралайық, жүргін! — деген соң мен де бірге аттандым. Жомарт елдің сый-сыйлатын бірге көріп, екі—үш апта жүргенімізде сол елдің де ақыны болып кеттік. Менің «Боз торғай», «Көк шолақтарымды» қырғыз жастары осы сапарда алып қалды. Қайтыста Қордай асуымен қасқарау беттеп Мәтібұлақтағы біздің ауылға келдік.

Әлі есімде, ертемен үй сыртындағы жотаға шығып тұрып, Жәкең сол жолы бір сыр айтып еді.

— Осынау тәстін күз болмай сарғаятыны көңілсіз. Аңырақай барған жолымда ылғый көремін. Әттең, осы жерге бір қол тигізіп, диханшылық етіп көрсе...

Ол бертін келе осы бір сөзін Мәтібұлақ туралы әңгіме бола қалса, қайталамай қоймаушы еді. Быйыл үйымдасып, тың көтеріп жатқан жаңа астық совхозын көрген сайын Жәкеңнің бұл сөзі менің де есіме түсе беретін болып жүр.

Сонымен бір айтайын дегенім: Жәкең жер-судың ел ырысы болғанын, өлең, жырдың соған арналғанын басынан-ақ қалаушы еді.

Енді бір сөз ақындық жайлы.

Жәкеңмен мені өлең достастырды. Ысты деген елдегі Қасабек, Сары бастаудағы Айдарбек астары, жолсеніт Қасен баласының тойы секілді үлкен жиындар мұнарымыз бен қуанышымызды табыстырған, ұғымымызды бірлестірген, тілімізді ұшқырлеген мектебіміз болды.

Әлбетте, ақын да әртүрлі. Жәкеңше айтқанда, «Бір сөзін мың сатқан сорлы немелер» талай ат-шапанға ортақ та болды. Байлар сыншыға қорыққаннан ырым етпесе, ықласымен сый бере қоймайтын. Қайта әлгі дәріптеушілер олжалы қайтатын.

Бір жылы тәстегі тойдан құр қайтқан сапарымызда Жәкең налыйды ғой деп едім, оның жолшыбай маған айтқан сыры өзгеше болды.

— «Құдай сүйер құлқымыз» жоқ, сен де, мен де түскен жерімізді тотыяйындай күйдіреміз. Сол үшін байлар қолтарлық етеді. Олар солай істегенімен, халық біз туралы әрқашан да айтып жүрер, — деп еді ол. Айтқаныңдай, осыдан отыз жылға жуық бұрын баспасөзде «Жетісу ақындары» деп екеумізді жазды.

Шынында да Жәкең бет-жүзге қарамай небір шонжарларға тіке айтып тастайтын кісі еді. (Ондай сөздерінің бірсыпырасы кітабында да жүр ғой). Сол үшін іштей ызасы барлар Жәкеңді ертеректегі бір өстешкеге (выставкаға) шақырмай да қойған. Сонда қарулы күзет қойған ұлықтар үйіне бұзып кіргені бар оның. Бай болыстарға: «Шұғыламмын сөндірме, көрегі жоқ сыйынсын» деп сол жолы айтқан болатын.

Жәкен ақындықты дүние-малға сату түгіл, шын ақынның өзге тіршілікпен айналысқанда оның өлеңге керенау қарағанын жақтырмайтын, халық мүддесіне арналған өлең сөзді өте жоғары бағалайтын кісі еді. Ревком тұсында аз ғана уақыт мен де бір қызметте болып ем, сол кезде оның маған да шығарған өлеңі бар.

Тау шабыты Кенен-ау,
Тартқаның ба керенау!,
Өйтсең көңілім қайтады, —
Жұрт бағынса екен деп,
Сен жүресің секеңдеп,
Өлеңді кім айтады? —

деп бір күні осы Алматыда шенеп-ақ салғаны... Ал мені әкім деп қабылдағандар ақын деп аттандыратын.

Екеуіміз көре қоямыз деп ойламаған ең бір ұлы сапарымыз 1936 жылы қазақ әдебиеті мен искусствосының өкүүдігі кезінде Москваға, желісі жылы Кавказға барғымыз болды. Бұл туста ат аяғы жетпес жерге жыр кетті. Әсресе Жәкең даңқы алыска шырқады.

Москвада жатқанымызда күн сайын ертемен «Правда» бастаған газеттер келеді, ымырт үйіріле «Кешкі Москваны» алып оқытамыз. Бәрінде Жәкең жырлары, Жәкең суреттері, Жәкең туралы әдемі сөздер кездеседі. Радиода да ертелі-кеш ақын аты аталып, ұзақ сырлар шертіледі, ара арасында қазақша арғы-бергі өндер шырқалады, күйлер тасқындайды. Сәулетті астананың қай жерінде жүрсек те, Жәкеңмен сәлемдесіп, оны қуттықтап жатқандарды көреміз. Кей жерде «Жәке!» дегенге қазақ па деп қалсақ, монгол да бой шығады. Бәрі де осы ақсақал шалдың құдды ескі достары, не бір Қарақастектегі туыстары тәрізді. Әсресе, жастар жағы көрген жерде оған гүл сыйлап, ортаға алып суретке түсіп, орайласа кетеді. Не бір көрнекті тілшілер, киношылар, тарихшылар, суретшілер, небір дүл-дүл жазушылар—бірі кетсе бірі келіп, ылғи қошаметті қоршауда жүрдік те қойдық.

Даналардың данасы — Ленин үйықтап жатқан мәр-мәр сарайға бардық. Жолшыбай қолтығынан сүйегендерден қайта-қайта босанып шығып, ұшар қырандай қомданып, ақын сол жолы мен өмірі байқамаған аса бір ғажайып шабытқа мінді.

Қуатым толып, күш өсіп,
Бекіді менің сүйегім,
Бәрін бірдей құнарттың
Алпыс екі жүйенің

— дегенді ол Ленин басына барып жырлағанға дейін өлеңнеше қайталап, ешкімде кісі болмай, өзімен өзі сырласып келе жатты.

Кремльге бармаққа, партия, үкмет басшыларымен, Сталинмен жүз көрісіп, дәмдес болмаққа жыйналдық. Осы хабар құлағына тиісімен-ақ, сол күні ол домбырасын қолынан қыл елі ажыратпаған-ды. Стол шетіне серіктерімен кесем келіп орналасқаннан кейін:

— Кенен, сен не біліп отырсың, көне көзім қайтадан көргіш болып кетті, — деді Жәкең. — көзін жете ме? Сталин шашын да қырау шалғандай, Калинин сақалы тәгіс аппақ. Енерді қонақ алмаққа дайындаңдар түгел келіпті!

Осының бәрін көргеннен кейінгі ақынның бір көңіл күйін айтайын. Ауылдан бізді Москваға бастап барғандар екеумізді екі қонақ үйге орналастырған. Соны «Кенен бөліне қашты» деп түсінген Жәкең, телефонды алыпты да, бір жерін бұрап қалып, өзінен өзі өлеңдете жөнеліпті. Тегінде, ар жағында мен тыңдап тұр деп білсе керек.

Табақтас сен-ақ болшы жайсаңменен,
Сонда да жан сырымды айтам, Кенен.
Салдыртып қонақ үйге бір келіп кет,
Көшеңде тұр ғой неше «шайтан дөнен».

Іздеп жатыр деген хабар тиіп, дереу келсем, ол оңаша бөлменің терезесін кеңе ашып, Кремльге қарап тұр екен. Жай тұрған жоқ, күбір-күбір сөйлеп тұр.

— Уа, Жәке, не деп тұрсыз?

— Темір тордан босанған өлең құсы,— дейді ол, — мынау мұнаралардан шарықтап ұшып сонау ақ бұлтқа қарай самғап бара жатқанын көресің бе?... Әне, мен соған сөйлеп тұрмын. Сен желмеді екен деп ішіме сақтап отырамын ба?!

Жәкең бұл секілді қуанышты ғана емес, қайғы-қасіретін бөліссе де, сондай бір қайратқа мініп, жабырқау қабағын демде көтеріп алушы еді. Көп жылдық достығымызда титтей де ақау жоқтығы Алғадай өлімі тұсында да көрінді. «Балаң өлді» дегенді естіген ақын талып құлап, май өкшеден жіберген дәрі де көмек етпепті. Сонда осы Сәбит жұбаныш болар ма деп, Қордайдан мені әкеліп еді. Уәзіп тұсқа жалпырағын айтып, үйге кіре шырқап ащы айғай, көше қуалаған ақынды тосқан көтерді. Мен оның от боп жанған кезтық құшағында ұзақ отырып қалдым. Содан соң екеумізі көшеге шығып, бақ ішіне серуеннен жүріп кеттік. Міне, ол өлеңнің күш-қуатын осылай сезінуші еді. Ұлы атаның бұл қасиеті де кейінгі ұрпаққа тәлім.

Жазып алған Хамит ЕРҒАЛИЕВ.

бс

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІ

қор	2175
тізбе	1
іс	127

Алматы қаласы

Нысанбек Торекулов

К. Әзірбаев.
„Жамбыл туралы кейбір есте қалғандар".
Естелік.
Жазып алған Х. Ерғалиев.
Газет қиындысы.

Бастапқы және соңғы мерзімі 1955

Құжат саны

Парақ саны 1